

Меншік иесі және баспагер:«Қазақстан Республикасының
Заңнама институты» ММ**2006 жылдан бастап шығады**

Журналдың материалдары

www.iz.adilet.gov.kz

сайтында орналастырылған

Заң ғылымдары бойынша

диссертациялардың негізгі ғылыми

нәтижелерін жариялауға арналған

басылымдар тізіліміне енгізілген

(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.

№894 бұйрығы)

Редакциялық кеңес құрамы**Сарпеков Р.Қ.** – (Астана, Қазақстан) –
(төраға)**Абайділдинов Е.М.** – з.ғ.д. (Астана,

Қазақстан)

Абызов Р.М. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)**Белых В.С.** – з.ғ.д. (Екатеринбург,

Ресей)

Губин Е.П. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)**Борчавили И.Ш.** – з.ғ.д. (Астана,

Қазақстан)

Мельник Р.С. – з.ғ.д. (Киев, Украина)**Монсеев А.А.** – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)**Муромцев Г.И.** – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)**Рахметов С.М.** – з.ғ.д. (Астана,

Қазақстан)

Малиновский В.А. – з.ғ.д. (Астана,

Қазақстан)

Шерубай Құрманбайұлы – ф.ғ.д.

(Астана, Қазақстан)

Редакциялық алқа құрамы**Құлжабаева Ж.О.** – з.ғ.к. (Астана,

Қазақстан) – (төраға)

Абылайұлы А. – PhD (Астана,

Қазақстан)

Азер Алиев – PhD (Киль, Германия)**Айымбетов М.А.** – ҚР еңбек сіңірген

мәдениет қайраткері (Астана,

Қазақстан)

Байниязова З.С. – з.ғ.к. (Саратов,

Ресей)

Досмырза Д.Д. – з.ғ.к. (Астана,

Қазақстан)

Елеусізова И.Қ. – з.ғ.к. (Астана,

Қазақстан)

Казиев З.Ғ. – з.ғ.к. (Астана, Қазақстан)**Қоныс В.Т.** – з.ғ.к. (Астана,

Қазақстан)

Маммадов У.Ю. – з.ғ.к. (Қазан, Ресей)**Мұшанов Т.Е.** (Астана, Қазақстан)**Рахымбердин К.Х.** – з.ғ.д. (Өскемен,

Қазақстан)

Свободный Ф.К. – з.ғ.к. (Барнаул,

Ресей)

Тегізбекова Ж.Ч. – з.ғ.к. (Бішкек,

Қырғызстан)

Тілембаева Ж.О. – з.ғ.к. (Астана,

Қазақстан)

Журнал редакциясы**Колтубаева Г.Б.****Ермек А.Б.****Жұмагелдина Б.Ж.****Байленова А.Қ.****Джамбуршин К.А.**

Қазақстан Республикасы Мәдениет

және ақпарат министрлігі Ақпарат

және мұрағат комитетінің

БАҚ есепке қою туралы куәлігі

№ 11219-Ж 15.11.2010 ж.

(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі

мен мерзімі №6592-Ж. 07.09.2005 ж.)

Мекен-жайы:

Қазақстан Республикасы,

010000, Астана қ., Мәңгілік ел даңғ.,

8 үй

тел.: 8(7172)74-02-06;

факс: 8(7172)74-14-43

E-mail: instzak-kz@mail.ru,

inst-zak@adilet.gov.kz

www.iz.adilet.gov.kz**МАЗМҰНЫ****Редакция бағанасы**8*Қазақстан Республикасы Әділет министрі М.Б.
Бекетаевтың заң жобалар бойынша баяндамасы*11**«Жаршының» тарихы Институтың 25-жылдығына
орай**16**Конституциялық және әкімшілік құқық****Л.Т. ЖАНҰЗАҚОВА** Референдум туралы
заңнаманы жетілдіру жөніндегі мәселе19**Г.Н. КОМКОВА, М.А. ЛИПЧАНСКАЯ** Сайлан-
балы қызметке кандидаттың соттылығы: ресей практи-
касы26**Азаматтық және азаматтық-процестік құқық****А. АЛИЕВ, А.Т. БЕКЕН** Ағылшын және
еуропалық құқықтың жекелеген ережелерін Қазақстан
Республикасының азаматтық заңнамасына имплемен-
тациялау түпмәтініндегі абоненттік шарт34**И.Ю. ПОЛИЩУК** Қылмыс құрамын саралау
аспектісінде тауарлық белгілерді заңсыз түрде пай-
далануды тергеу кезіндегі арнайы экономикалық
танымдардың рөлі. Украина практикасы40**Қылмыстық құқық және қылмыстық процесс****С.Т. КЕМЕЛБЕКОВ, Н.А. СӘУЛЕБЕК** Қазақстан
Республикасының Қылмыстық кодексі бойынша адам-
ды клондауға байланысты қылмыс объектісі мен
объективтік жағының қылмыстық-құқықтық сипатта-
масы53**А.О. БАЛҒЫНТАЕВ** Қазақстан Республикасын-
да тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығы
негізінде қылмыстық сот ісін жүзеге асыру қағидатын
іске асырудың кейбір мәселелері60**Е.А. ОМАРОВ** Қазақстан Республикасының
қылмыстық-процестік құқығында қылмыстық сот ісі
бойынша халықаралық-құқықтық көмек68**Н.Қ. ИМАНҒАЛИЕВ** Сотталғандарды ауруына
байланысты жазалаудан босату: құқық қолдану практи-
касы және шетел тәжірибесі76**Б.Қ. НҰРҒАЗИНОВ, Қ.Е. ИСМАҒҰЛОВ**
Қазақстандық қылмыстық процесте қашықтықтан жау-
ап алу институтын жетілдірудің кейбір мәселелері82**Халықаралық құқық және салыстырмалы
құқықтану****С.Ж. АЙДАРБАЕВ, Д. САДЫҚОВА** Халықаралық
жеке құқық бойынша Гаага конференциясының
қалыптасу сатылары91**А. АБЫЛАЙҰЛЫ** Шетел заңнамасын талдау:
Ұлыбританияның «Қылмыстық қаржылар туралы»
Заңы100

Құқықтық мониторинг

И.Қ. ЕЛЕУСІЗОВА, Д.М. ТҰРЛЫБЕК Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметін реттейтін заңнамасын талдау..... 106

А.Қ. ҚАНАТОВ, Е.К. АХМЕТОВ Қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстатуға қарсы іс қимыл және терроризм мен экстремизмді қаржыландыру проблемалары..... 115

М.К. ЖҮСПБЕКОВА Сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық мәдениетті қалыптастыру саласындағы заңнаманы талдау..... 123

И.Қ. ЕЛЕУСІЗОВА, Г.Б. ҚЫСЫҚОВА, А.Ж. ҚАЛМАҒАМБЕТОВ Құқықтық мониторинг шеңберінде Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім) жекелеген ережелеріне талдау..... 129

Мемлекеттік тілдегі заң шығармашылығы практикасынан

Н.А. НҰРБАЕВА Заңнамалық актілерде кейбір терминдерді қалыптастыру және қолдану мәселелері..... 140

Ж.С. НҰРҒАЛИЕВА Заңнамадағы терминдер мәселесі..... 145

Жас ғалым мінбесі

Р.С. БРАМОНТОВ Қазақстан Республикасында жедел-ізвестіру қызметін заңнамалық реттеу перспективалары..... 150

Г.С. ДЖУМАШЕВ Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасында көзделген жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату институтының шет елдермен салыстырмалы талдауы..... 157

Г.К. БЕЙСБЕКОВА Құқық нормаларын нақтылау мен оның құқық теориясының өзге де сабақтас санаттарынан айырмашылығы кейбір мәселелері..... 165

Ғылыми өмір хроникасы

«Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі жобасының негізгі ережелерін талқылау» тақырыбындағы ғылыми-практикалық конференция туралы ақпараттық хабарлама, 2018 жылғы 28 ақпан, Астана қаласы..... 173

Есімнама

ҚР Заңнама институты Лингвистика орталығының аға ғылыми қызметкері Д.М. Шыңғысбаева – 60 жаста..... 177

Библиография

З.ғ.д., проф. С.Ф. Ударцевтің «Конституция и эволюция общества (вопросы теории и философии)»: Монография. – Санкт-Петербург, 2015. – 388 б. ғылыми басылымына рецензия..... 178

Қазақстанның заң ғылымы тарихы бойынша алғашқы арнайы басылымына рецензия..... 182

Даналық ойлар..... 188

Заңнама институтының 25 жылдығына орай «Заңды IQ» байқауы жарияланады.

Байқау Қазақстан Республикасының Заңнама институты мен «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының бірлескен бастамасымен ұйымдастырылады.

Байқауға қазақстандық жоғарғы білім ұйымдарының магистранттары мен докторанттары, сондай-ақ 35 жасқа дейінгі ғылыми қызметкерлері қатыса алады.

Байқауға қатысу үшін civil_izrk@mail.ru (link sends e-mail) электрондық пошталарына Қосымшаға сәйкес өтінімді және «Норма шығармашылықтағы цифрландыру: мақсаттары және күтілетін нәтижелер» атты ғылыми жұмыстарды жіберу қажет.

Байқау жеңімпаздары 2018 жылғы 15 маусымда Институттың 25-жылдығына арналған «Шайкенов оқулары» халықаралық ғылыми практикалық конференциясында жарияланады және келесі сыйлықтармен марапатталады:

1-орын – ноутбук;

2-орын – планшет;

3-орын – электрондық кітаптарды оқуға арналған құрылғы.

Сонымен бірге, жеңімпаздарға Заңнама институтында ақысыз негіздегі тағылымдамадан өту мүмкіндігі беріледі. Жүлделі орындарға ие болған авторлардың ғылыми жұмыстары Институт Жаршысында жарияланады.

Байқау ережесімен <http://www.iz.adilet.gov.kz/ru> Институт сайтында танысуға болады.

АНОНС

**Қазақстан Республикасы
Заңнама институтының ғылыми
қызметкерлерінің зерттеу
жұмыстарының конкурсы**

Қазақстан Республикасының Заңнама институты Институттың 25-жылдығына орайластырылған «Қазақстанда төртінші өнеркәсіптік революция міндеттерін жүзеге асыруды заңнамалық қамтамасыз ету» тақырыбындағы конкурс шеңберінде Институт ғылыми қызметкерлерінің зерттеу жұмыстарын қабылдауды жариялайды.

Конкурсқа Институттың 35 жасқа дейінгі ғылыми қызметкерлері қатыса алады.

Зерттеу жұмыстары 2018 жылғы 30 сәуірге дейін a.abylaiuly@adilet.gov.kz (link sends e-mail) электрондық пошталарына қабылданады.

Конкурс жеңімпаздары 2018 жылғы 15 маусымда Институттың 25-жылдығына арналған «Шайкенов оқулары» халықаралық ғылыми практикалық конференциясында жарияланады және келесі сыйлықтармен марапатталады:

1 орын – шетелдік (алыс шетел) ғылыми іс-шараға қатысуға сертификат;

2 орын – шетелдік (жақын шетел) ғылыми іс-шараға қатысуға сертификат;

3 орын – Қазақстан Республикасы шегінде ғылыми іс-шараға қатысуға сертификат.

Жүлделі орындарға ие болған авторлардың зерттеу жұмыстары Институт Жаршысында жарияланады.

Байқау ережесімен <http://www.iz.adilet.gov.kz/ru> Институт сайтында танысуға болады.

Собственник и издатель:

ГУ «Институт законодательства
Республики Казахстан»

Издается с 2006 года

Все материалы журнала размещаются
на сайте www.iz.adilet.gov.kz
Включен в перечень изданий
для публикации основных научных
результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ ККСОН МОН РК №894
от 30.05.2013 г.)

Состав Редакционного совета

Сарпеков Р.К. – (Астана, Казахстан) –
(председатель)
Абайдильдинов Е.М. – д.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Абызов Р.М. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Белых В.С. – д.ю.н. (Екатеринбург,
Россия)
Губин Е.П. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Мурчавили И.Ш. – д.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Мельник Р.С. – д.ю.н. (Киев, Украина)
Моисеев А.А. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Муромцев Г.И. – д.ю.н. (Москва,
Россия)
Рахметов С.М. – д.ю.н. (Астана, Ка-
захстан)
Малиновский В.А. – д.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Шерубай Курманбайұлы – д.ф.н.
(Астана, Казахстан)

Состав Редакционной коллегии

Кулжабаева Ж.О. – к.ю.н. (Астана,
Казахстан) – (председатель)
Абылайұлы А. – PhD (Астана, Казах-
стан)
Азер Алиев – PhD (Киль, Германия)
Айымбетов М.А. – заслуженный дея-
тель культуры РК (Астана, Казахстан)
Байниязова З.С. – к.ю.н. (Саратов,
Россия)
Досмырза Д.Д. – к.ю.н. (Астана, Ка-
захстан)
Елеусизова И.К. – к.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Казиев З.Г. – к.ю.н. (Астана, Казах-
стан)
Конусова В.Т. – к.ю.н. (Астана, Казах-
стан)
Маммадов У.Ю. – к.ю.н. (Казань,
Россия)
Мушанов Т.Е. (Астана, Казахстан)
Рахимбердин К.Х. – д.ю.н. (Усть-
Каменогорск, Казахстан)
Свободный Ф.К. – к.пс.н. (Барнаул,
Россия)
Тегизбекова Ж.Ч. – к.ю.н. (Бишкек,
Кыргызстан)
Тлембаева Ж.У. – к.ю.н. (Астана,
Казахстан)

Редакция журнала

Колтубаева Г.Б.
Ермек А.Б.
Жумагелдина Б.Ж.
Байленова А.К.
Джамбуллин К.А.

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 11219-Ж
от 15.11.2010 г. Комитета информации
и архивов Министерства культуры
и информации Республики Казахстан
(№ и дата первичной постановки на учет
№6592-Ж. 07.09.2005 г.)

Адрес:

Республика Казахстан,
010000, г. Астана, пр. Мәңгілік ел, д. 8
тел: 8(7172)74-02-06;
факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru,
inst-zak@adilet.gov.kz
www.iz.adilet.gov.kz

Колонка редакции..... 9

Доклад Министра юстиции Республики Казахстан
Бекетаева М.Б. по проектам законов..... 14

История «Вестника» к 25-летию Института..... 16

Конституционное и административное право

Л.Т. ЖАНУЗАКОВА К вопросу о совершенствова-
нии законодательства о референдуме..... 19

Г.Н. КОМКОВА, М.А. ЛИПЧАНСКАЯ Суди-
мость кандидата на выборную должность: российская
практика..... 26

Гражданское и гражданско-процессуальное пра- во

А. АЛИЕВ, А.Т. БЕКЕН Абонентский договор в
контексте имплементации отдельных положений ан-
глийского и европейского права в гражданское законо-
дательство Республики Казахстан..... 34

И.Ю. ПОЛИЩУК Роль специальных экономиче-
ских познаний при расследовании незаконного исполь-
зования товарных знаков в аспекте квалификации со-
става преступления. Практика Украины..... 40

Уголовное право и уголовный процесс

С.Т. КЕМЕЛБЕКОВ, Н.А. САУЛЕБЕК Уголовно-
правовая характеристика объекта и объективной сторо-
ны преступления, связанного с клонированием челове-
ка по Уголовному кодексу Республики Казахстан..... 53

А.О. БАЛГЫНТАЕВ Некоторые вопросы реали-
зации принципа осуществления уголовного судопро-
изводства на основе состязательности и равноправия
сторон в Республике Казахстан..... 60

Е.А. ОМАРОВ Международно-правовая помощь
по уголовному судопроизводству в уголовно-процессу-
альном праве Республики Казахстан..... 68

Н.К. ИМАНГАЛИЕВ Освобождение осужденных
от наказания по болезни: правоприменительная практи-
ка и зарубежный опыт..... 76

Б.К. НУРГАЗИНОВ, К.Е. ИСМАГУЛОВ Некото-
рые вопросы совершенствования института дистанци-
онного допроса в казахстанском уголовном процессе..... 82

Международное право и сравнительное право- ведение

С.Ж. АЙДАРБАЕВ, Д. САДЫКОВА Этапы ста-
новления Гаагской конференции по международному
частному праву..... 91

А. АБЫЛАЙҰЛЫ Анализ зарубежного законода-
тельства: Закон Великобритании «О криминальных фи-
нансах»..... 100

Правовой мониторинг

И.К. ЕЛЕУСИЗОВА, Д.М. ТУРЛЫБЕК Анализ
законодательства Республики Казахстан, регулирующе-
го использование воздушного пространства и деятель-
ность авиации..... 106

А.К. КАНАТОВ, Е.К. АХМЕТОВ К проблеме противодействия отмыванию доходов, полученных преступным путем, и финансированию терроризма и экстремизма	115
М.К. ЖУСУПБЕКОВА Анализ законодательства в сфере формирования антикоррупционной правовой культуры	123
И.К. ЕЛЕУСИЗОВА, Г.Б. КЫСЫКОВА, А.Ж. КАЛМАГАМБЕТОВ Анализ отдельных положений Гражданского кодекса Республики Казахстан (Общая часть) в рамках правового мониторинга	129
Из практики законотворчества на государственном языке	
Н.А. НУРБАЕВА Вопросы формирования и функционирования некоторых терминов в законодательных актах	140
Ж.С. НУРГАЛИЕВА Проблемы терминов в законодательстве	145
Трибуна молодого ученого	
Р.С. БРАМОНТОВ Перспективы законодательного регулирования оперативно-розыскной деятельности в Республике Казахстан	150
Г.С. ДЖУМАШЕВ Сравнительный анализ института условно-досрочного освобождения от отбывания наказания, предусмотренного в уголовном законодательстве Республики Казахстан, с зарубежными странами	157
Г.К. БЕЙСБЕКОВА Некоторые вопросы конкретизация норм права и ее отличия от иных смежных категорий теории права	165
Хроника научной жизни	
Информационное сообщение о научно-практической конференции на тему: «Обсуждение основных положений проекта Административного процессуального кодекса Республики Казахстан», 28 февраля 2018 года, г. Астана	174
Персоналии	
Старшему научному сотруднику Центра лингвистики Института законодательства РК Шынгысбаевой Д.М. – 60 лет	177
Библиография	
РЕЦЕНЗИЯ на научное издание д.ю.н, проф. Ударцева С.Ф. «Конституция и эволюция общества (вопросы теории и философии): Монография. – Санкт-Петербург, 2015. – 388 с.	178
РЕЦЕНЗИЯ на Первое специализированное издание по истории юридической науки Казахстана	182
Мудрые мысли	188

Конкурс научных работ среди молодых ученых-юристов

В рамках празднования 25-летия Институт Законодательства объявляет конкурс научных работ молодых ученых-юристов под названием «Юридический IQ».

Конкурс организуется по инициативе Института законодательства Республики Казахстан совместно с Национальной палатой предпринимателей Казахстана «Атамекен».

К участию в конкурсе допускаются магистранты и докторанты казахстанских образовательных организаций высшего образования, а также молодые ученые в возрасте до 35 лет.

Для участия в конкурсе участнику необходимо направить на электронную почту civil_izrk@mail.ru (ссылка для отправки email) заполненную заявку согласно Приложению, а также научную работу на тему: «Цифровизация в нормотворчестве: задачи и ожидаемые результаты» в срок до 30 апреля 2018 г.

Победители конкурса будут объявлены 15 июня 2018 года на международной научно-практической конференции «Шайкеновские чтения» и награждены следующими призами:

- 1-место - ноутбук;
- 2-место – планшет;
- 3-место – устройство для чтения электронных книг.

Вместе с тем победителям будет предоставлена возможность пройти неоплачиваемую стажировку в Институте. Научные работы авторов, занявших призовые места, будут опубликованы в Вестнике Института.

С Положением о конкурсе можно ознакомиться на сайте Института: <http://www.iz.adilet.gov.kz/ru>

Конкурс исследовательских работ научных сотрудников Института законодательства Республики Казахстан

Институт законодательства Республики Казахстан объявляет прием исследовательских работ научных сотрудников Института законодательства на тему «Законодательное обеспечение реализации задач Четвертой промышленной революции в Казахстане» в рамках конкурса, приуроченного к 25-летию ИЗ РК.

В конкурсе могут принять участие научные сотрудники ИЗ РК в возрасте до 35 лет.

Исследовательские работы принимаются на почту a.abylaiuly@adilet.gov.kz (ссылка для отправки email) до 30 апреля 2018 года.

Победители конкурса будут объявлены 15 июня 2018 года на международной научно-практической конференции «Шайкеновские чтения» и награждены следующими призами:

- 1 место – сертификат на участие в зарубежном (дальнее зарубежье) научном мероприятии;
- 2 место – сертификат на участие в зарубежном (ближнее зарубежье) научном мероприятии;
- 3 место – сертификат на участие в научном мероприятии в пределах Республики Казахстан.

Исследовательские работы авторов, занявших призовые места, будут опубликованы в Вестнике Института. С Положением о конкурсе можно ознакомиться на сайте Института: <http://www.iz.adilet.gov.kz/ru>

Owner and publisher:
 SI «Legislation Institute
 of the Republic of Kazakhstan»
Published since 2006
 All journal materials are placed
 on the website
www.iz.adilet.gov.kz

Included in the list of publications of basic
 scientific results of dissertations on legal
 sciences (Order CCES MES RK №894
 from 05.30.2013)

Editorial Council members

Sarpekov R.K. – (Astana, Kazakhstan) –
 (Chairman)
Abaydeldinov E.M. – d.j.s. (Astana,
 Kazakhstan)
Abyzov R.M. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Belih V.S. – d.j.s. (Ekaterinburg, Russian)
Gubin E.P. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Borchashvili I.Sh. – d.j.s. (Astana, Ka-
 zakhstan)
Melnik R.S. – d.j.s. (Kiev, Ukraine)
Moiseev A.A. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Muromcev G.I. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Rahmetov S.M. – d.j.s. (Astana, Kazakh-
 stan)
Malinovski V.A. – d.j.s. (Astana, Kazakh-
 stan)
Sherubai Kurmanbaiuly – d.ph.s.
 (Astana, Kazakhstan)

Editorial Board members

Kulzhabayeva Zh.O. – c.j.s. (Astana,
 Kazakhstan) – (Chairman)
Abylaiuly A. – PhD (Astana, Kazakhstan)
Azer Aliyev – PhD (Kiel, Germany)
Aiymbetov M.A. – Honored Worker of
 Culture of Kazakhstan, (Astana, Kazakh-
 stan)
Bainiyazova Z.S. – c.j.s. (Saratov, Rus-
 sian)
Dosmyrza D.D. – c.j.s. (Astana, Kazakh-
 stan)
Eleussizova I.K. – c.j.s. (Astana, Kazakh-
 stan)
Kaziyev Z.G. – c.j.s. (Astana, Kazakh-
 stan)
Konusova V.T. – c.j.s. (Astana, Kazakh-
 stan)
Mammadov U.Y. – c.j.s. (Kazan', Rus-
 sian)
Mushanov T.E. (Astana, Kazakhstan)
Rakhimberdin K.H. – d.j.s. (Ust-Kame-
 nogorsk, Kazakhstan)
Svobodniy F.K. – c.ps.s. (Barnaul, Rus-
 sian)
Tegizbekova Zh.Ch. – c.j.s. (Bishkek,
 Kyrgyzstan)
Tlembaeyva Zh.U. – c.j.s. (Astana, Ka-
 zakhstan)

The editorial staff

Koltubayeva G.B.
Yermek A.B.
Zhumageldina B.Zh.
Bailenova A.K.
Dzhamburshin K.A.

The certificate of registration of mass media
 №11219-G from 15.11.2010 from
 the Committee of Information and Archives
 of the Ministry of Culture and Information
 of the Republic of Kazakhstan
 (Number and date of primary registration
 №6592-Zh.07.09.2005.)

Address:

The Republic of Kazakhstan,
 010000, Astana, Mangilik el pr., 8
 tel.: 8 (7172) 74-02-06
 fax: 8 (7172) 74-14-43
 e-mail: instzak-kz@mail.ru,
 inst-zak@adilet.gov.kz
www.iz.adilet.gov.kz

CONTENT

Editorial10

*Report of the Minister of Justice of the Republic of
 Kazakhstan Beketayev M.B. on drafts of the legal acts*11

**The history of the «Bulletin» to the 25th anniversary
 of the Institute**16

Constitutional and Administrative Law

L.T. ZHANUZAKOVA To the question of improving
 the legislation concerning the issues of the referendum19

G.N. KOMKOVA, M.A. LIPCHANSKAYA The
 criminal record of a candidate for the elective position: the
 russian practice26

Civil and Civil Procedural Law

AZ. ALIYEV, A.T. BEKEN Subscriber contract in the
 context of the implementation of some specific provisions
 of the English and European law into the civil legislation of
 the Republic of Kazakhstan34

I.Yu. POLISHCHUK The role of special economic
 knowledge in investigation of illegal use of trademarks
 in the aspect of qualification of the crime composition.
 Practice of Ukraine40

Criminal law and Criminal procedure

S.T.KEMELBEKOV, N.A. SAULEBEK Criminal-
 legal characteristic of the object and the objective side of
 the crime connected with cloning of the person under the
 Criminal code of Republic Kazakhstan53

A.O. BALGYNTAYEV Some issues on realization of
 the principle of implementation of criminal proceedings on
 the basis of the considerability and equality of the parties in
 the Republic of Kazakhstan60

Y.A. OMAROV International legal aid on criminal
 proceedings in accordance with the criminal procedural
 law of the Republic of Kazakhstan68

N.K. IMANGALIEV Release of prisoners from
 punishment due to illness: law enforcement practice and
 foreign experience76

B.K. NURGAZINOV, K.E. ISMAGULOV Some
 questions of improvement of the remote surveillance
 institute in the Kazakhstani criminal proceedings82

International law and Comparative law

S.ZH. AIDARBAYEV, D. SADYKOVA Stages of the
 formation of the Hague conference on international private
 law91

A. ABYLAIULY Analysis of foreign legislation: UK
 «Criminal Finances Act»100

Legal monitoring	
I.K. ELEUSSIZOVA, D.M. TURLYBEK Analysis of legislation of the Republic of Kazakhstan regulating the issues of the use of air space and activity of aviation	106
A.K. KANATOV, E.K. AKHMETOV On the problem of countering money laundering, obtained by criminal means, and financing of terrorism and extremism	115
M.K. ZHUSUPBEKOVA Analysis of legislation in the sphere of formation of anti-corruption legal culture	123
I.K. ELEUSSIZOVA, G.B. KYSSYKOVA, A.ZH. KALMAGAMBETOV Analysis of the particular provisions of the Civil code of the Republic of Kazakhstan (General part) in framework of the legal monitoring	129
Lawmaking practice on the official language	
N.A. NURBAYEVA The issues of formation and functioning of some terms and their usage in legislative acts	140
Zh.S. NURGALIYEVA Problems of terms in the legislation	145
Young scholar tribune	
R.S. BRAMONTOV Prospects of legal regulation of the investigative activities in the Republic of Kazakhstan	150
G.S. DZHUMASHEV Comparative analysis of the institution of parole and serving of the sentence envisaged in the criminal legislation of the Republic of Kazakhstan and foreign countries	157
G.K. BEYSBEKOVA Some issues of specification of the norms of law and its differences from other related categories of theory of law	165
The Chronicle of Scientific Life	
Information note about the scientific and practical conference on the topic: «Discussion of the main provisions of the draft of Administrative Procedure and Procedural Code of the Republic of Kazakhstan», 28 February 2018, Astana	175
Personalities	
60 years to the Senior researcher of the Linguistic center of the Institute of Legislation of the Republic of Kazakhstan - D. Shyngysbayeva	177
Bibliography	
REVIEW on the scientific publication of the professor, Doctor of Juridical Science Udartsev S.F. Constitution and evolution of the society (issues of theory and philosophy). Monograph. – St. Petersburg, 2015. – 388 p.	178
REVIEW on the First special edition on the history of legal science in Kazakhstan	182
Wise thoughts	188

Announcement

Competition of research papers among young legal scholars

As part of the celebration of the 25th Anniversary, the Institute of Legislation announces a competition of research papers among young legal scholars called "Legal IQ".

The Competition is organized on the initiative of the Institute of Legislation of the Republic of Kazakhstan in conjunction with the National Chamber of Entrepreneurs of Kazakhstan "Atameken".

Masters Degree and PhD candidates of Kazakhstani educational organizations of higher learning, as well as young scholars under the age of 35 are permitted to participate in the Competition.

In order to participate in the Competition, the participant must send completed application according to the Appendix to the following e-mail: civil_izrk@mail.ru, as well as a research paper on the topic: "Digitalization in the norm-making procedure: objectives and anticipated outcomes" until April 30, 2018.

The winners of the Competition will be announced on June 15, 2018 at the International scientific and practical conference "Shaykenov Readings" and awarded with the following prizes:

1st place - a laptop;

2nd place - a tablet;

3rd place - the device for reading electronic books.

At the same time, the winners will be given the opportunity to perform an unpaid internship at the Institute. The research papers of the winners will be published in the Herald of the Institute.

The Regulations on the competition can be found on the Institute's website: <http://www.iz.adilet.gov.kz/en>.

Announcement

Competition of research papers among the academic officers of the Institute of Legislation of the Republic of Kazakhstan

The Institute of Legislation of the Republic of Kazakhstan announces the receiving of the research papers of the academic officers of the Institute of Legislation on the following theme: "Legislative support for the realization of the objectives of the Fourth Industrial Revolution in Kazakhstan" within the framework of the Competition timed to the 25th Anniversary of the Institute of Legislation the Republic of Kazakhstan.

The academic officers of the Institute of Legislation under the age of 35 are permitted to participate in the Competition.

Research papers will be accepted to the following e-mail: a.abylaiuly@adilet.gov.kz until April 30, 2018.

The winners of the Competition will be announced on June 15, 2018 at the International scientific and practical conference "Shaykenov Readings" and awarded with the following prizes:

1st place - Certificate for participation in a foreign scientific event (far abroad);

2nd place - Certificate for participation in a foreign scientific event (near abroad);

3rd place - Certificate for participation in a scientific event in the Republic of Kazakhstan.

The research papers of the winners will be published in the Herald of the Institute.

The Regulations on the competition can be found on the Institute's website: <http://www.iz.adilet.gov.kz/en>.

6. Құрманбайұлы Ш. Терминтану: оқу құралы. – Астана, 2009. – 160 б.
7. Орысша-қазақша сөздік / Н.Т. Сауранбаев, F.F. Мұсабаев, Ш.Ш. Сарыбаевтың жалпы ред., өңделіп, толықт. үшінші рет басылуы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 1152 б.
8. Кендірбекұлы А. Тіл бұраған терминдер // Ана тілі. 2012 .5 шілде // <http://anatili.kazgazeta.kz/?p=986> // 07.02.2018 ж. жағдай бойынша.

REFERENCES

- 1.Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1800002018/> // 07.02.2018 ж. жағдай бойынша.
- 2.Құрманбайұлы Ш. Ұлттық терминдер қалыптастырудың алаш кезеңі және қазіргі қазақ терминологиясы // <http://termincom.kz/articles/?id=4> // 08.02.2018 ж. жағдай бойынша.
- 3.Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі/ Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
- 4.Ozhegov S.I. Slovar' russkogo jazyka / Pod obshh. red. prof. L.I. Skvorcova. – 24-e izd., ispr. – М.: Oniks: Mir i Obrazovanie, 2008. – 640 s.
- 5.Рахымжанұлы Т.С. Пошта терминдерінің және пошта қызметтері саласында қолданылатын сөз тіркестерінің қазақша-орысша және орысша-қазақша сөздігі. – Алматы: Ож-Сана, 2013. – 1152 б.
- 6.Құрманбайұлы Ш. Терминтану: оқу құралы. – Астана, 2009. – 160 б.
- 7.Орысша-қазақша сөздік / Н.Т. Сауранбаев, F.F. Мұсабаев, Ш.Ш. Сарыбаевтың жалпы ред., өңделіп, толықт. үшінші рет басылуы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 1152 б.
- 8.Кендірбекұлы А. Тіл бұраған терминдер // Ана тілі. 2012 .5 шілде // <http://anatili.kazgazeta.kz/?p=986> // 07.02.2018 ж. жағдай бойынша.

ӘОЖ 81' 25:005.336.3

ЗАҢНАМАДАҒЫ ТЕРМИНДЕР МӘСЕЛЕСІ

Жанар Сәндібекқызы Нұрғалиева

ҚР Заңнама институты Лингвистика орталығының НҚА және халықаралық шарттар жобаларына ғылыми лингвистикалық сараптама секторының аға ғылыми қызметкері, Астана қ., Қазақстан Республикасы;
e-mail: zhanar.nurgali@mail.ru

Түйін сөздер: тіл; термин; заңнама; құқық; терминдерді біріздендіру.

Аннотация. Мақала ұлттық заңнама сапасына, заңнама саласындағы тіл және термин жасау мәселелеріне, термин қорының қалыптасуына арналған. Мақала мазмұнына қарай екі тақырыпқа бөлініп алынған. Бірінші тақырып бойынша, шет тілінен қазақ тіліне аударылатын терминдердің жай-күйі, бірнеше жылдан бері тілімізге еніп, сіңісіп кеткен шет тілі терминдерінің бәрін бірдей аудару міндет емес екені туралы айтыла келіп, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына биылғы Жолдауында айтқан сөзі қитата ретінде келтіріледі. Әрі қарай мәселенің негізгі өзегін, сөздің бәрі термин бола бермейтіндігін баяндап, оны шешу жолдары қарастырылады, қазақ ұлтының терминдер тарихын кезең-кезеңге бөліп зерттеу керектігі жайлы ұсынысын айтады.

Мақаланың екінші бөлігінде терминдер мен сөздерді бірізділікке келтіру, заңнамадағы терминдердің қолданылуы, қазақ және орыс тілдеріндегі заң мәтіндерінің дұрыс аударылу мәселесі сөз болады. Қазақстан Республикасының заңдарынан, Кодекстен мысалдар келтіріліп, қате аударылған терминдер мен сөйлемдердің дұрыс аударылу нұсқасын алға тартады. Қазақ және орыс тілдеріндегі заң мәтіндерінде заң техникасы ерекшеліктерінің сақтала бермейтіндігін тілге тиек етеді. Автор сонымен бірге, заңнамаға іргелі зерттеу жүргізіп, мысал келтірумен ғана шектелмей, 2015-2016 жылдарға дейін жарыққа шыққан орфографиялық, терминологиялық сөздіктерді тағы бір рет қайта шолу жасап, сұрыптау қажет дейді. Сондай-ақ әрбір сөз бірлігінің мәтіндегі қолданылу ерекшелігіне, оның құқықтық нормамен мағыналық үйлестігіне егжей-тегжейлі зер салу үшін шығармашылық көзқарастың керектігін, ұлттық заңнаманы қалыптастыруда терминдер мәселесін шешу күн тәртібіндегі межелі іс екендігін айтады.

ПРОБЛЕМЫ ТЕРМИНОВ В ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВЕ

Нургалиева Жанар Сандибеккызы

Старший научный сотрудник сектора научно-лингвистической экспертизы проектов НПА и международных договоров Центра лингвистики Института законодательства РК; г. Астана, Республика Казахстан;
e-mail: zhanar.nurgali@mail.ru

Ключевые слова: язык; термин; законодательство; право; единообразие терминов.

Аннотация. Статья нацелена на решение проблем укрепления языка и формирования фонда терминов в сфере национального законодательства. По содержанию статья подразделена на две подтемы.

В первой части затрагиваются проблемы состояния переводимых на русский язык иностранных терминов, нецелесообразности перевода устоявшихся иностранных терминов, приводится цитата из Послания народу Казахстан Главы государства Н. Назарбаева.

Далее рассматриваются пути решения основной проблемы, невозможности превращения всех слов в термины, вносится предложение о необходимости исследования каждого периода истории терминов казахского языка по частям.

Во второй части статьи речь идет о проблемах правильного перевода текстов законов на казахском и русском языках, использования терминов в законодательстве, приведения последовательности слов и терминов. Приведены примеры из законов, Кодексов Республики Казахстан, представлены инструкции правильного перевода терминов и предложений.

Также говорится о влиянии на качество переводов несоблюдения правил юридической техники в текстах законов на русском и казахском языках. Вместе с тем, автор статьи проводя фундаментальный анализ законодательства, не ограничиваясь только примерами, проводит еще раз обзор орфографических, терминологических словарей, вышедших до 2015-2016 годов, говорит о необходимости их сортировки.

Также отмечает, что на данный момент для решения проблем с терминами в формировании национального законодательства, особенностей применения слова в текстах, его смыслового применения в соответствии с правовыми нормами, необходим координатный творческий подход.

PROBLEMS OF TERMS IN THE LEGISLATION

Nurgaliyeva Zhanar Sandibek

Senior research fellow of the sector of scientific-linguistic expertise of legal acts and international agreements of the Linguistic Centre of the Institute of Legislation of the Republic of Kazakhstan; Astana, Republic of Kazakhstan;
e-mail: zhanar.nurgali@mail.ru

Key words: language; term; rights; legislation; the uniformity of terms.

Abstract. This article analyzes the quality of national legislation, the language and term creation in the field of the law, and the development of term stockpile. The article consists of two main parts. The first part reports the condition of foreign terms translated into Kazakh and claims the unnecessary of translating all the foreign terms. Further, it discusses the current issues and ways to solve them and proposes to investigate history of Kazakh terms chronologically.

The second part discusses the systematization of terms and words, the usage of terms in the legislation system, and the issue of accurate translation of terms in Kazakh and Russian languages. It gives the examples of incorrect translation of terms from the laws of the Republic of Kazakhstan and gives variants of proper translation. Also, before 2015-2016 years, it states that legislative texts in Kazakh and Russian languages do not usually follow the language peculiarities. Finally, the author claims the need to detailed and creative investigation of terms, their proper usage, and to focus on the crucial role of the terms for the construction of the national law system.

Термин мәселесі күн тәртібінде тұрған, өзектілігін жоймайтын тақырыптардың бірі. Әсіресе, терминдердің бірізділігі, терминдердің шет тілінен қазақ тіліне аударылуы сияқты заңнамадағы терминдер мәселесі әлі күнге шешімін таба қойған жоқ.

Жалпы сонау алаш зиялыларының өмір

сүрген кезінен бүгінгі күнге дейінгі терминдер тарихына көз жүгіртіп, елеп-екшеп, жікке бөлген жөн. Мысалы, орыс халқы өзінің тіл тарихына үңіліп, әр салаға қатысты терминдерді жік-жікке бөліп, түсін түстеп қойған. Тіпті Інжілдегі (Библия) терминдерге шейін тізбектеген. «Понятия и термины Библии» соның айғағы. Онда жеке-

леген термин сөздер ғана емес, «первородный грех», «дерево познания добра и зла» деген сияқты біртұтас терминдік мағына беретін сөз тіркестері де бар [1].

Біздің елімізде де тіл мамандарының, ғалымдарымыздың терминдердің қалыптасуы жайлы түрлі зерттеу жұмыстары жоқ емес, бар. Бірақ сол жұмыстар бір жүйеге келтірілсе, әлі де тереңірек зерттеле түссе деген тілек басым. Өйткені, термин тілімізбен бірге дамып, үздіксіз қозғалыста болатын ағза іспетті. Сонымен, заңнама саласындағы терминдер мәселесіне үңілейік.

Сөздің бәрі термин емес

Еліміз тәуелсіздік алған жылдары орыс тіліндегі көптеген термин-сөздер жаппай қазақ тіліне аударылды. Бұл туралы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына биылғы Жолдауында: «Қазақстандықтардың болашағы – қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгеруінде. Орыс тілді мектептер үшін қазақ тілін оқытудың жаңа әдістемесі әзірленіп, енгізілуде. Егер біз қазақ тілі ғұмырлы болсын десек, оны жөнсіз терминологиямен қиындатпай, қазіргі заманға лайықтауымыз қажет» деді. Елбасы «сәтсіз аудармаларды негіздеу тәсілдерін қайта қарастырып, терминология тұрғысынан қазақ тілін халықаралық деңгейге жақындату керектігін» айтты¹.

Термин мәселесіне қатысты академик Ә. Қайдар: «Терминнің бәрі – сөз, ал сөздің бәрі – термин емес» депті. Айтса, айтқандай, қай бір жылдары «балкон» сөзі – «қылтима», «фон-тан» – «шаптырма» болып аударылды. Ең бір ғанибеті, кейін бұл аудармалар таразыға салынып, Мемлекеттік Терминология комиссиясында бекітілмеді.

Бұрыннан, сонау Кеңес дәуірі кезеңінен бері шет тілінде айтылып, құлағымызға сіңісті болып, тілімізге еніп кеткен, тілге жеңіл, жатық айтылатын сөздердің бәрін бірдей аударар бермеген жөн. Мысалы, наркотик – есірткі деп аударылып, бекітілген. Ал, емдеу орталығы – наркодиспансердің атауы сол күйінде қалдырылған. Бұл орталық атауын қазақшалағанмен, дыбысталуы жағынан құлаққа ерсі естіліп қана қоймай, мағынасы жағынан да қораш боп, дәлдікті бермейтін еді.

Жалпы қазақ тілінде термин жасау, халықаралық терминдерді қазақ тіліне аудару мәселесі еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бастап, маңыздылығын жоймай отырған тақырып. Бүгінгі таңда осылай дегенімізбен, термин жасау тарихының әріден, яғни, Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы, Телжан Шонанұлы сынды ағартушы ғалымдарымыз өмір сүрген кезеңнен бастау алатыны белгілі. Тіл

ғылымы саласындағы терминология дамуының әр кезеңінде қазақ тіліне шет тілдерден енген терминдерге деген көзқарас пен ұстанымның әртүрлі болғанын өткен тарихтан білеміз. Меніңше, қазақ терминологиясы саласының дамуын үш кезеңге бөліп қарауға болады: біріншісі – 1920-1990 жылдар аралығы, екіншісі – 1990-2015 жылдар және үшіншісі – 2015 жылдан қазіргі кезге дейінгі кезең. Бірінші кезең негізінен лингвист ғалым Ахмет Байтұрсынұлы жасаған терминдер жүйесінен тұрады. Бұл жолда Х. Досмұхамбетұлы, Н. Төреқұлұлы сынды қоғам қайраткерлерінің терминжасамға қосқан үлестері орасан зор.

Бұрын ел ішіндегі қарт әжелеріміздің айтауы «август» деген сөзді «ағұс», «профессор» сөзін – «пропесұр» дейтініне таңқалып, «әже-ау, неге бұл сөздерді бұзып айтасыз?» дейтінмін. «Аз сауат алдық қой, бастауыш кләсті ғана оқыдық, сол кезде солай оқып, жазып жүрдік, кейін соғыс басталып кетті, соғыстан кейін оқуды жалғастырмадық. Қайдан білейін, сендердің замандарындағы оқу қазір басқаша ғой, өзгеріп кеткен болар» деп жауап қайтаратын. Ал біздің замандастарымыз сол кездегі қариялардың осылай сөйлейтінін, бәлкім, орыс тілінен енген сөздерге тілі келмейтіндіктен болар деп ойлайтын. Жакында Астана қаласы Мемлекеттік мұрағатының деректеріне үңіле отырып, мұндай көзқарастың мүлде қате екендігіне көзім жетті.

Архивте 1920-1921 жылдары қазақ әліпбиі туралы қоғамдық пікірталас туған шақта латын қарпі негізіндегі әліпбиді қолдаған, белгілі қоғам қайраткері, энциклопедист-ғалым Телжан Шонанұлының жазбаларына көз жүгірттім. Ғалымның жиырмасыншы жылдары баспасөз бетінде жарияланған мақалалары мен жазған еңбектерінде ай атауы «август» – «ағұс», «география» – «жағрапыйа», «трактор» – «тырактұр», «агроном» – «ағыраном», «фосфор» – «поспұр», «профессор» – «пропесұр», «сепаратор» – «сепаратұр» деп алыныпты [2, 23 б.]. Зерттеу материалдарына сүйенсек, ол кезде алаш зиялылары жат сөздер тілімізге өзгеріссіз енгізілген жағдайда, тіл табиғатының бұзылып кетуінен сақтанып, қазақ тілінің табиғатына жат сөздерді ғана өзгеріссіз, сол күйінде алуды көздеген. Мысалы, Т. Шонанұлы өз еңбектерінде «терминдерді қазақ тілінің дыбыстық заңдылығына, ерекшелігіне қарай жасау керектігіне» баса назар аударған. Өз әріптестерін термин жасауда қазақ тілінің заңдылығын сақтауға, тілдің өзіндік табиғатына, ерекшелігіне аса мән беруге, қазақ тіліне жат нәрсені таңбауға шақырған. Ағартушы Х. Досмұхамедұлының: «Жат сөздерді қолданғанда тіліміздің заңымен өзгертіп, тілімізге лайықтап алу керек. Жат сөздерді өзгертпей, бұлжытпай

¹ Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 11 қаңтар. <http://www.akorda.kz/kz/>

алатын жер дүниеде тіл жоқ деп айтса да болады» дегені де бұған дәлел бола алады [3, 2 б.].

Тіл мамандарының уәжіне сүйенсек, «тіліміздегі терминдердің 70–80 пайызы қазақтың төл сөздері болу керек те, қалған 20–30 пайызы кірме сөздер болуы керек» [4, 52 б.]. Ал осы 20-30 пайыз бөтен сөздер тіліміздің табиғатын, құрамын, құрылысын бұза алмайды екен.

«Кез келген тілді базалық құрылымы негізінде 16 сағатта үйренуге болады» дейтін, тіл үйренудің ұтымды тәсілін ұсынып, сол бойынша әдістемеліктер жасаған, Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі Тіл комитетінің тапсырысы бойынша «Тілашар ENTER» атты телевизиялық циклды жоба шеңберінде қазақ тілін үйренудің мотивациялық курсы жүргізген, ресейлік белгілі полиглот, көрнекті лингвист Дмитрий Петровтың тіл, термин төңірегіндегі пікірлері де өте қызық. «У лингвистов есть критерий: число вариантов названия термина определяет значимость элемента. Так что количество синонимов уже говорит о масштабности изобретения»-дейді Д.Петров. Ол орыс тілі мен ағылшын тілінде дыбысталуы да, мағыналық жағынан жұмсалуды да бірдей сөздерді жұрнақ жалғау арқылы ажырата отырып, сөз жаттаудың керемет тәсілін ұсынды. Мысалы, орыс тіліндегі конституция сөзі ағылшын тілінде «конститушэн», корпорация – «корпорейшэн» болып алынған. Бұдан орыс, ағылшын ұлтының терминдердің негізгі табиғатын сақтай отырып, өз тілдеріне дыбыстық ерекшеліктеріне орай негіздеп алғанын байқаймыз. Бұл сонау 20-30 жылдары термин жасау мәселесіне жіті қараған ғалым Т. Шонанұлының «жат сөздерді тілімізге дыбыстық ерекшеліктеріне орай алуға тиіспіз» деген ұстанымына барабар әдіс. Демек, шет тілінен қазақ тіліне терминдерді аудару мәселесінде осыны негізге алуға тиіспіз.

Ғалым, философия ғылымдарының докторы Ғ. Есімнің: «Біз қазақ тілінің сөз байлығына жаңадан сөз жасап емес, әлемде бар терминдерді пайдаланып жетуіміз керек. Бұл біздің информациялық қоғамға қосылуымызға аса қажетті мәселе»- дегені де осыған саяды.

Терминдердің бірізділігі – өзекті тақырып

Заң шығару процесі ұлттық заңнаманы қалыптастырудың басты құралы болып табылады. Ал терминдердің бірізділігі заң шығару процесіндегі маңызды мәселе болып отыр. Қазақ тіліндегі заңдарда терминдер мен сөйлемдердің қате аударылуы, терминдердің дұрыс аударылмауы бүгінде айналып өтуге болмайтын тақырыпқа

айналды.

Мысалы, Азаматтық кодексті (жалпы бөлім) оқысаңыз, оның қазақ тіліндегі мәтінінде қателердің өріп жүргенін, тіпті көптеген сөйлемдердің дұрыс аударылмағанын көруге болады. Осы заңның бірінші бөлімінің 1-тарауының 1-бабындағы 4-тармағында: «К имущественным отношениям, основанным на административном или ином властном подчинении одной стороны другой, в том числе к налоговому и другим бюджетным отношениям, гражданское законодательство не применяется, за исключением случаев, предусмотренных законодательными актами» деген сөйлем қазақ тіліне былай аударылып берілген: «Заң құжаттарында көзделген реттерді қоспағанда, бір тараптың екіншісіне әкімшілік немесе өзге де билік жағынан бағынуына негізделген мүліктік қатынастарға, соның ішінде салық жөніндегі және басқа бюджеттік қатынастарға азаматтық заңдар қолданылмайды»². Бұл сөйлемнің дұрыс аудармасы былай болып құрылуға тиіс: «Азаматтық заңнама заңнамалық актілерде көзделген жағдайларды қоспағанда, бір тараптың басқа тарапқа әкімшілік немесе өзге де билікке бағыныстылыққа негізделген мүліктік қатынастарға қатысты, оның ішінде салықтық және басқа да бюджеттік қатынастарға қатысты қолданылмайды».

Ал осы кодекстің (Ерекше бөлім) 406-бабының 5-тармағындағы «К отдельным видам договоров купли-продажи (розничной купле-продаже, поставке товаров, энергоснабжению, контрактации, продаже предприятия) положения, предусмотренные настоящим параграфом, применяются, если иное не предусмотрено правилами настоящего Кодекса о договорах этих видов» деген сөйлемнің қазақ тіліндегі аудармасы да қате: «Сатып алу-сату шарттарының жекелеген түрлеріне (бөлшек саудамен сатып алу-сату, тауарлар жеткізілімі, энергиямен жабдықтау, контрактация, кәсіпорынды сату), егер осы Кодекстің ережелерінде бұл түрлердің шарттары туралы өзгеше көзделмесе, осы параграфта көзделген ережелер қолданылады»³. Бұл сөйлем былай аударылуы керек: «Сатып алу-сату шарттарының жекелеген түрлеріне (бөлшек саудада сатып алу-сату, тауарларды жеткізу, энергиямен жабдықтау, контрактация, кәсіпорынды сату), егер осы Кодекстің қағидаларында бұл түрлердің шарттары туралы өзгеше көзделмесе, осы параграфта көзделген ережелер қолданылады».

Айта берсек, тізе берсек, құқықтық заңнама саласында мұндай мысалдар жетерлік.

Сонымен бірге, кейінгі жылдары заңнамада кейбір терминдердің жазылу заңдылығы да

² ҚР 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексінің 1- бөлімінің 1-тарауындағы 1-бабының 4-тармағы (Жалпы бөлім), «Әділет».-<http://adilet.zan.kz>

³ ҚР 1999 жылғы 1 шілдедегі Азаматтық кодексінің 406-бабының 5-тармағы (Ерекше бөлім), «Әділет».-<http://adilet.zan.kz>

өзгерген. Мысалы, «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабында «келісімшарт» сөзі қосылып жазылған⁴. Бұл сөздің біріккен сөзге жатпайтындығын ескерсек, «келісім-шарт» болып, арасына сызықша қойылып жазылуға тиіс еді. Мұның ақ-қарасын білу үшін Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитетінің 2007 жылы «Алматы» баспасынан шыққан Орфографиялық сөздігіне жүгіндік. Сөздікте сөз етіліп отырған терминіміз қосылып жазылған екен. Демек, жоғарыда аталған заңның қазақ тіліндегі мәтінін әзірлеу барысында осы орфографиялық сөздік басшылыққа алынған. Қазіргі күні заң саласы мамандары ретінде, біз де осы орфографиялық сөздікті бағдаршам ретінде аламыз. Алайда, аталған орфографиялық сөздік жарыққа шыққан 2007 жылға дейінгі заңдардың қазақ тіліндегі мәтінінде «келісім-шарт» сөзі сызықша арқылы жазылған. Бұл сөз – шын мәнінде бір-біріне қосарлана айтылып, бір мағынада жұмсалынатын қосарлама қос сөз болғандықтан сызықша арқылы жазылса дұрыс болар еді.

Меніңше, осы салаға қатысты жұмыстарды ғылыми-практикалық, әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ете отырып, берісі 2015 жылға дейін жарыққа шыққан орфографиялық, терминологиялық сөздіктерді қайта қарап, сұрыптап, саралау қажет.

Терминологияны біріздендіру мәселесінің бүгінгі күннің өзекті тақырыбы деңгейінен түспеуіне кәсіби түрде тұрақты айналысып отырған білікті мамандардың болмауы, әркімнің

өз бетінше терминдерді аударып, термин жасаумен айналысуы себеп болса керек. Олай болса, терминдерді біріздендіру мәселесінің шешімі не?!

Жалпы термин жасау ісінде, терминдерді біріздендіру мәселесінде әрбір сөз бірлігінің мәтіндегі қолданылу ерекшелігіне, оның құқықтық нормамен мағыналық үйлестігіне егжей-тегжейі зер салу керек, ол үшін шығармашылық көзқарас қажет. Мұнсыз тіліміздегі терминдердің мағыналық тұлғасына жан кірмейді.

Ал терминолог Ш. Құрманбайұлы: «Тілші-терминолог ғалымдар терминологияны біріздендірудің алты сатысын атап көрсетіп жүр. Бірінші – белгілі бір тар мамандықтың шеңберінде біріздендіру; екінші – сала шеңберіндегі біріздендіру; үшінші – нақты бір ұлт тілінің шеңберіндегі біріздендіру; төртінші – туыстас тілдер шеңберіндегі біріздендіру; бесінші – тілдер шеңберіндегі біріздендіру; алтыншы – халықаралық, бүкіл ортақ терминдері бар тілдер арасындағы біріздендіру», - дейді [5, 120 б.]. Бұл ұлт тіліндегі терминдердің әлі де даму, қалыптасу сатысында екенін көрсетеді. Біз бұдан тілдің ұдайы қозғалыста, даму процесінде болатындығын ұғамыз. Жалпы бүгінде заңнама саласындағы басты мәселе тіл мәртебесіне сай ана тілімізде термин жасау, шет тілінен аударылған терминдерді біріздендіріп, жүйелеу, зерделеу басты міндет екені айқын. Ал бұл міндеттің алдағы уақытта өзінің жүйелі шешімін табатынына бек сенеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Православная энциклопедия, раздел: Библийская история (реалии, термины и понятия), 2-стр., <http://www.pravenc.ru/>
2. Шонанұлы Т.Бес томдық шығармалар жинағы. 1-том. 23-24-бб. -Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2015. -288 б.
3. Айтбайұлы Ө. Қазақ терминжасамы. 2-бет, <http://www.qamshy.kz>, 13/11/2017 ж.
4. Рапишева Ж.Д., Рахымберлина С.Ә., Ибраимова Ж.Ж. Халықаралық терминдердің қазіргі қазақ тілінде берілу тәсілдері мен жолдары. -Қарағанды университетінің хабаршысы. - № 1 (73)/2014 ж., 29 наурыз. - 52-55-бб.
5. Құрманбайұлы Ш. Терминтану (оқу құралы). – Астана, 2009. -160 б.

REFERENCES

1. Pravoslavnaia jenciklopedija, razdel: Biblejskaja istorija (realii, terminy i ponjatija), 2-str., <http://www.pravenc.ru/>
2. Shonanyly T. Bes tomdyq shygharmalar zhinaǵy. 1-tom. 23-24-bb. - Almaty: Memlekettik tildi damytu instituty, 2015. - 288 b.
3. Aytbayuly O. Qazaq terminzhasamy. 2-bet, <http://www.qamshy.kz>, 13/11/2017 zh.
4. Rapisheva Zh.D., Rahymberlina S.Ә., Ibraimova Zh.Zh. Halyqaralyq terminderdiń qazirgi qazaq tilinde berilu tәsilderi men zholdary. - Qaragandy universitetiniń habarshysy. - № 1(73)/2014 zh., 29 nauryz. - 52-55-bb.
5. Qyrmanbayuly Sh. Termitanu (oqu quraly). – Astana, 2009. - 160 b.

⁴ Халықты жұмыспен қамту туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабы. «Әділет». -<http://adilet.zan.kz>